Дата изготовления указана на серийном номере лейбла (информационная табличка), расположенном на самом изделии. В соответствии со стандартом изготовителя серийный номер содержит - импортер и номер заказа/ месяц год изготовления / порядковый номер изделия.

1 ЖАЛПЫ ДЕРЕКТЕР

Бутазартқыш GALAXY LINE GL6270 (ары қарай мәтін бойынша – бутазартқыш, құрал, электр құралы, бұйым) – әртүрлі беттерді және ішкі көрініс заттарын тазарту және зарарсыздандыру үшін арналған көпатқарымдық құрал. Ыстық будың көмегімен құрал сырлы кірпіштен, қабырғалардан, санитарлық техникадан, шыны беттерден (аспашамдар, терезе, айналар, душ кабиналары), еденнен және ыстық бұға төзімді кез келген басқа беттерден әкті түзілімдерді, лайды, майды, зеңді тазалауға көмектеседі. Жиынтықтағы керек-жарақтар – шыныларды тазалау үшін саптама, еден үшін саптама, шүберек, саңылаулық саптама, дөңгелек шөтке, 2 ұзартқыш түтіктер мен бойлерді сумен толтыру үшін құйғыш – пайдалануда қолайлылықпен қамтамасыз етеді. Будың берілуін бұғаттау қауіпсіз пайдаланумен қамтамасыз етеді.

Құрал қорғаныстың 4 жүйесіне ие.

1. Қысым релесі:

Бойлердегі бу қысымы есептік қысым 3,5 барға (плюс немесе минус 0,5 бар) жеткен кезде, қысым релесі автоматты түрде құрал қызуын жалғастырмауы үшін электр энергиясының берілуін автоматты ажыратады.

2. Сақтандырғыш клапан:

Бойлердегі қысым есептік қысым 5,5 барға (плюс-минус 0,5 бар) жеткен кезде, буды тастау үшін сақтандырғыш клапан іске қосылады. Мұндай жағдай қысым релесінің істен шығуы кезінде ғана мүмкін болады.

3. Термостат:

Бойлерде судың жетіспеушілігі кезінде электр энергиясын ажырата алады. Осылайша, ол ішінде берілген температураны қолдай отырып, құралдың қауіпсіздігімен қамтамасыз ете алады.

4. Ерімтал термосақтандырғыш:

Термостат бүлінген немесе істен шыққан кезде, ерімтал термосақтандырғыш қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін электр қуат беруді ажыратады.

EAC **Өнім Кедендік одақтың келесі техникалық регламенттеріне сәйкес болады:**

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылдың 16 тамызындағы №768 Шешімімен бекітілген TP TC 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне;

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылдың 9 желтоқсанындағы №879 Шешімімен бекітілген TP TC 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» Кеден одағының техникалық регламентіне; Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2019 жылдың 18 қазанындағы №113 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО TP 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламенті.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бұйымның барлық қызметтік мерзімі ішінде сақтаңыз. Сіз арқылы сатып алынған бұйым осы нұсқаулықтан оның пайдаланылуына әсер етпейтін кейбір ерекшеліктерге ие болуы мүмкін.

2 ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

1 Кесте

| Параметрдің атауы | Мәні |
|--|------------------------|
| Номиналды кернеу | 220-240 В ~ |
| Номиналды жиілік | 50 Гц |
| Қуаты | 1500 Вт |
| Қуат беру баусымының ұзындығы | 180 см |
| Қыздыру уақыты | 10 минутқа |
| Будың шығуы | 65 г/мин. |
| Бу температурасы | 100 °С |
| Үздіксіз жұмыс уақыты | 30 минутқа дейін |
| Бойлердің көлемі | 700 мл |
| Электр тоғымен зақымдалудан қорғаныс класы | I |
| Бу қысымы | 350 000 Па (3,5 Бар) |
| Судың еніп кетуінен қорғаныс деңгейі | IPX4 |
| Құралдың түрі | жылжымалы |
| Бу құбырының ұзындығы | 160 см |
| Бойлердің материалы | тот баспайтын болаттан |
| Будың шығу қарқындылығын реттегіш | бар |

3 ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

2 Кесте

| Атауы | Саны |
|----------------------------------|--------|
| Бутазартқыш | 1 дана |
| Шыныларды тазалау үшін саптама | 1 дана |
| Еден үшін саптама-шөтке | 1 дана |
| Шүберек | 1 дана |
| Саңылаулы саптама | 1 дана |
| Дөңгелек шөтке | 1 дана |
| Үзартқыш түтік | 2 дана |
| Бу құбыршегімен бүріккіш | 1 дана |
| Құйғыш | 1 дана |
| Керек-жарақтарды сақтау үшін қап | 1 дана |
| Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | 1 дана |
| Тығыздағыш сақина | 1 дана |
| Өлшегіш стақан | 1 дана |
| Тұтынушылық ыдыс | 1 дана |

4 ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Электр құралының қауіпсіз және тұрақты жұмысы на тек келесі шарттарды сақтаған кезде ғана кепілдік беріледі:

4.1 Бұйымның корпусын және оның жекелей бөліктерін суға және басқа да сұйықтықтарға батыруға тыйым салынады.

4.2 Бұйымды қуат беру желісіне қосудың алдында желі параметрлерінің осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген мәндерге сәйкес екендіктеріне көз жеткізіп алыңыз.

4.3 Өнімнің ақаулары анық немесе күдікті болған жағдайда, өнімді диагностикалау және жөндеу бойынша қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

4.4 Бұйымды желіден ажырату кезінде қуат беру баусымынан емес ашадан ұстау керек.

4.5 Құрал физикалық, сенсорлық немесе ойлау қабілеттері төмендеген немесе оларда өмірлік тәжірибе мен білімдері болмаса, егер олар қарауда болмаса немесе оларға олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар арқылы құралды қолдану жөніндегі нұсқамалық жүргізілмесе, тұлғалармен (балаларды қоса алғанда) қолданылуға арналмаған. Балалар құралмен ойнауына жол бермеу үшін қарауда болуы керек. Егер ол тіпті желіден ажыратылған болса да, балалардың бұйымға жанасуларына рұқсат бермеу керек. Жұмыс істеп тұрған бұйымның жанында балалар мен жануарлардың болуына жол бермеңіз.

4.6 Бұйымды осы нұсқаулықта аталғандардан басқа мақсаттар үшін қолданбау керек. Бұйыммен жұмыс істеу, сақтау және күтім жасау осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүргізілуі керек.

4.7 Бұйымды егер жану немесе жарылыс қаупі бар болса, мәселен тез тұтанатын сұйықтықтардың немесе газдардың жанында қолданбаңыз.

4.8 Құралды егер ол қараусыз қалдырылған болса және құрастырудың, бөлшектеудің немесе тазалаудың алдында әрдайым желіден ажыратып отыру қажет. Сонымен бірге құралды кез келген ақаулықтар орын алған жағдайда және жұмыс аяқталғаннан кейін желіден ажырату қажет.

4.9 Қуат беру баусымының және бұйымның бүтіндігін қадағалау қажет. Бұйымды бүлінулер болған кезде қолдануға тыйым салынады.

4.10 Қуат беру баусымы бүлінген кезде қауіптерге жол бермеу үшін оны дайындаушы немесе оның агенті, немесе аналогтік біліктік тұлға ауыстыруы керек. Қуат беру баусымын ауыстыру қолданыстағы тарифқа сай авторландырылған сервистік орталықта жүзеге асырылады.

4.11 Бұйымға қате қарау оның бұзылуына, қолданушыға немесе оның мүллігіне зиян тигізуге әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.12 Бұйымның жұмысы кезінде жерге тұйықталған заттарға жанаспаңыз (мәселен, құбыржолдарға, жылыту радиаторларына, газ плиталарына, тоңазытқышқа).

4.13 Булы үтіктегі саңылаудан шығатын бумен жанасуға жол бермеу үшін электр құралын қолданудың алдында оны іске қосулы күйде денеден қашықтықта ұстай отырып, оны тексеріңіз.

4.14 Құралды толтыру және тазалау уақытында электр қуат беру желісінен ажырату керек.

4.15 Бу ағынын Сіз буландырмақшы, тегістемекші, зарарсыздандырмақшы

немесе ылғалдандырмақшы болған заттардан басқа ештеңеге бағыттауға тыйым салынады.

4.16 Газдалған суды, парфюмерлік қоспаларды және крахмал ерітіндісін қолданбаңыз.

4.17 Термоажыратқыштың кездейсоқ іске қосылуымен шақырылатын қауіп-терге жол бермеу үшін құралға таймер секілді сырттай сөндіруші құрылғы арқылы қуат берілмеу керек немесе әдетте, коммуналдық қызметтермен іске қосылатын және сөндірілетін желіге қосылмауы тиіс.

4.18 Күйіп қалуларға жол бермеу үшін электр құралының қызып тұрған бөлшектеріне жанаспаңыз. Ыстық сумен немесе бумен күйіп қалуға жол бермеу үшін ыстық электр құралын қолдану кезінде сақ болыңыз.

4.19 Қуат беру баусымын қызу көзінен, майдан және өткір заттардан алыс ұстаңыз.

4.20 Бұйыммен жиынтықта жеткізілмеген керек-жарақтарды қолдану қауіпті болуы және бұйымның істен шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.21 Құралды пайдалану кезінде будың шығарылуына байланысты сақтық шараларын сақтау керек.


4.22 Құрал суға түсіп кеткен жағдайда ашаны электр розеткіден шығарумен оны тез арада электр желісінен ажыратыңыз. Бұл ретте ешбір жағдайда суға қолдарыңызды салмаңыз. Құралды одан әрі қолдану мәселесі бойынша авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

4.23 Ол қуат беруші желіге қосулы болған кезде құралды қадағалаусыз қалдыруға болмайды.

4.24 Құралды жазық, орнықты бетте қолдану және сақтау керек.

4.25 Жұмыс уақыты кезінде қажетсіз салдарларды болдырмау үшін ешқашан құралды айналдырмаңыз.

4.26 Бойлерді 700 мл артық көлемде сумен толтырмаңыз.

4.27 Бұйымды желіге Сіздің көзіңіз будың шығуын бұғаттау батырмасы «» күйінде тұрғанына жеткеннен кейін ғана қосыңыз.

4.28 Электр компоненттерден тұратын жабдыққа сұйықтықты немесе буды бағыттауға тыйым салынады, мәселен, қуыру шкафтарының ішкі кеңістігіне.

4.29 Құрал тек бөлмежайлардың ішінде қолдануға арналған.

4.30 Құралдың корпусында, саптамаларды және құбыршекте бүлінулер анықталған кезде құралды қолдануға тыйым салынады.

4.31 Күйіп қалударды болдырмау үшін сақтандырғыш клапанды жұмыс аяқталғаннан кейін бірден ашуға тыйым салынады. Құралдың суынуын және қысымның тасталуын тосу қажет.

4.32 Қолдану уақытында құю саңылауын ашуға тыйым салынады.

4.33 Қолданудан кейін құралдың толық суынуын және қысымның тасталуын тосып, құралды электр қуат беруден ажыратыңыз, қалған суды ағызыңыз.

4.34 Құрал қолданудан кейін және құрал қолданушысымен қызмет көрсетуді жүргізудің алдында электр желісінен ажыратылған болуы керек.

4.35 Құрал саптамаларды ауыстырудың алдында ажыратылған болуы керек.

4.36 Су бар жүзу бассейндерінде қолданбау.


4.37 Бойлерді тек таза сумен толтыруға рұқсат етіледі.

4.38 Еденді тазалау кезіне бет ыстыққа айналуы мүмкін. Күйіп қалуларды болдырмау үшін аяқтарға аяқ киімдер киілгеніне көз жеткізіңіз.

4.39 Саптаманы адамдарға, жануарларға, электртұрмыстық құралдарға немесе электрлі розеткілерге бағыттауға тыйым салынады.

4.40 Қатты беттерді тазалау кезінде буды бір орынға 5 секундтан артық үздіксіз бағыттамаңыз. Шыны беттерді тазалау кезінде буды бір орынға 2 секундтан артық үздіксіз бағыттамаңыз. Егер қоршаған орта температурасы 0 °С-тан төмен болса, терезелерді тазалауды жүргізбеңіз.

4.41 Құралды бойлерді ішінде сусыз қолдануға тыйым салынады.

4.42 Құралды жақсы желдетілетін бөлмежайда қолданыңыз және әрдайым буды бұғаттау батырмасын «» күйіне ауыстырып отырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ! Құралдардың өндірісі кезінде жұмыс сипаттамалары әрбір құралда тексеріледі. Бойлердің ішінде аздаған мөлшердегі судың болуы ақау болып табылмайды.



ЕСКЕРТУ!

Күйіп қалу қаупі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйым тек тұрмыстық қолдануға арналған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аталған пайдалану жөніндегі нұсқаулық барлық мүмкін болатын оқыс жағдайларды қарастыра алмайды. Қолданушыға электр құралымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасы шараларын өздігінен сақтауы керек болады!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр құралын алкогольдік немесе есірткілік ма-сау шарттарында, немесе ақиқатты объективт қабылдауға кедергі жаса-ушы басқа да шарттарда қолданбау керек, және құралды осындай күйдегі немесе шарттардағы адамдарға сеніп тапсырмау керек!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құрал қысыммен жұмыс істейді! Жұмыс уақытында құюшы саңылауды ашуға тыйым салынады. Бойлердегі ыдысты толтыру кезінде сақтық шараларын сақтаңыз.

5 ЭЛЕКТР ҚҰРАЛЫНЫҢ АТҚАРЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ



- | | |
|---|---|
| <ol style="list-style-type: none"> 1. Баусымды сақтауға арналған орын 2. Бойлер 3. Сақтандырғыш клапанмен бойлердің қақпағы 4. Жылжытуға арналған тұтқа 5. Қызу индикаторы 6. Ажыратқыш 7. Будың берілуін реттеуіш 8. Құбыршекті корпусқа қосу үшін коннектор 9. Бу құбыршегі 10. Бүріккіш 11. Будың шығуын бұғаттау батырмасы | <ol style="list-style-type: none"> 12. Буды беруді батырмасы 13. Еден үшін саптама-шөтке 14. Саптамаларды бекіткіш 15. Шүберекті бекіткіш 16. Шыныларды тазалау үшін саптама 17. Саңылаулы саптама 18. Дөңгелек шөтке 19. Ұзартқыш түтік 20. Шүберек 21. Бойлерді сумен толтыру үшін құйғыш |
|---|---|

6 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚҰРАЛДЫ ТЕКСЕРУДІҢ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ АЛДЫНДА КҮЙІП ҚАЛУЛАРҒА ЖӘНЕ ҚАЖЕТСІЗ САЛДАРЛАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ҮШІН ҚҰРАЛДЫҢ ЭЛЕКТР ҚУАТ БЕРУ ЖЕЛІСІНЕН АЖЫРАТЫЛҒАНЫНА КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ!

Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Құралды барлық қаптаушы материалын (бар болған жағдайда) алып тастай отырып, қаптамадан шығарыңыз. Жиынтықты тексеріңіз және механикалық бүлінулердің жоқтығына көз жеткізіңіз. Бұйымның және желілік кабелдің бүтіндігін тексеріңіз. Корпусты алдымен дымқыл майлықпен, сосын құрғақ матамен сүртіңіз. Электр құралы қолдануға дайын.

6.1 Электр құралын құрастыру

6.1.1 Бойлердің қақпағын бұрап босатыңыз (1-сур.), құйғышты қойыңыз (2-сур.) және бойлерді сумен толтырыңыз (3-сур.).



1-сур.



2 -сур.



3 -сур.



4 -сур.

6.1.2 Бойлердің қақпағын бекітілгенше дейін бұрап бекітіңіз (4-сур.).

6.1.3 Қажетті саптаманы таңдаңыз, бүріккіштегі бекіткішті басыңыз және саптаманы бекіткіш саптамадағы саңылауға кіретіндей етіп бекітіңіз.



5 -сур.

Шыныларды тазалау үшін саптама



6 -сур.


Еден үшін саптама-шөтке

6.1.4 Шүберекті қолдану үшін оны еденге арналған саптамаға кигізіңіз, шүберекті бекіткіштерге басыңыз және шүберекті қос жақтан бекітіңіз (7-сур.).




7 -сур.

6.1.5 Дөңгелек шөткені қолдану үшін алдымен саңылаулық саптаманы бүріккішке қосыңыз (8-сур.), сосын шөткені саңылаулық саптамаға орна-тыңыз (9-сур.).



8 -сур.



9 -сур.

6.1.6 Қиын қолжетімді орындарды тазалау үшін бір немесе өзара қосылған екі түтікті бүріккішке қосыңыз, сосын қажетті саптаманы түтікке қосыңыз. Түтіктерді өз араларында қосу үшін да бекіткішке басу қажет.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құю саңылауын жұмыс уақытында ашуға тыйым салынады!

ҚАЖЕТСІЗ САЛДАРЛАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ҮШІН ЖҰМЫС УАҚЫТЫНДА ЖӘНЕ ЖҰМЫС АЯҚТАЛҒАННАН KEЙІН БІРДЕН БОЙЛЕРДІҢ ҚАҚПАҒЫН АШУҒА ТЫЙ-ЫМ САЛЫНАДЫ! Бойлердің қақпағын ашудың алдында құралдың электр желісінен ажыратылғанына және толықтай суығанына көз жеткізіңіз.

7 ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

7.1 Құралды электр желісіне қосыңыз және ажыратқышқа басыңыз.


7.2 Будың берілуін реттеуішті қажетті күйге орнатыңыз. Құрал жұмысқа дайын болған кезде қызу индикаторы жанатын. Жұмыс процесі кезінде индикатор температураның қолдауы жөнінде сигнал бере отырып, жанатын және сөнетін болады.

7.3 Будың шығуын бұғаттау батырмасын «» күйіне ауыстырыңыз. Бу бүріккіштен шығуын бастаған кезде буды беру батырмасын басыңыз.

3 кесте


| Саптама | Қолдану |
|--------------------------------|---|
| Еден үшін саптама-шөтке | Қабырғалар мен еденнің жуылушы жабындарын тазалауға, сондай-ақ кілемдерді тазалауға арналған. Саптама шүберекті бекіту үшін 2 қысқышқа ие. Шүберек жиынтықта жеткізіледі. Басқа шүберектерді қолдану кезінде талшықтардың бу температурасына шыдай алатындығына көз жеткізіңіз. |
| Шыныларды тазалау үшін саптама | Шыныларды, терезелерді, айналарды, душ кабинкаларын, сырлы кірпіштерді тазалау үшін арналған |
| Саңылаулы саптама | Қиын қолжетімді орындарды, бұрыштарды, ер-неуліктерді, плитааралық жіктерді, түйістерді, қоспалағыштарды, пердешелерді, радиаторларды тазалау үшін қолданылады. |
| Дөңгелек шөтке | Беттерді ластанулардан тазалау үшін арналған (мәселен, сырлы кірпіштерді, эмальдық жабындарды, асүйлік үстелдердің үстіңгі тақтайларын). |
| Шүберек | Беттерді тазалау кезінде ластануларды сіңіру үшін арналған. |

Тазалау аяқталғаннан кейін лайдың қалдықтарын кетіру үшін тазартылушы бетті жұмсақ тазартқыш құралдарды қолданумен таза дымқыл шүберекпен, сосын құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

7.4 Жұмыс аяқталғаннан кейін будың шығуын бұғаттау батырмасын «» күйіне ауыстырыңыз және ашаны розеткіден шығарыңыз. 30 минуттан кем емес құралдың толық суынуын тосыңыз және тек осыдан кейін сақтық шараларын орындай отырып, бойлердің қақпағын ашуға болады.

ЕСКЕРТУ! Егер аталған бетті бүлдірусіз бетті тазалауға болатындығына күмән болса, онда көрінбейтін жердегі шағын учаскені тазалау қажет. Егер беттегі сурет болған жағдайда, оның су- және буға төзімді екеніне көз жеткізу қажет. Егер сурет немесе декор су- немесе буға төзімді болып табылмаса, онда аталған суреттің бүлінуі мүмкін екендігіне назар аударыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ! Күйіп қалуларға жол бермеу үшін құралмен жұмыс кезінде сақтық шараларын сақтаңыз!

ЕСКЕРТПЕ: жұмыстағы үзілістер кезінде қажетсіз салдарларға және ыстық бумен жанасуға жол бермеу үшін будың шығуын бұғаттау батырмасын «» күйіне орнату ұсынылады.

ЕСКЕРТПЕ: егер бойлерде су бітіп қалса, құралды электр желісінен ажырату және оны суыту қажет. Бойлердің қақпағын бірден ашу ұсынылмайды, себебі жинақталған будан күйік алуға болады

8 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

8.1 Оны тазалаудың және жуудың алдында электр құралының электр желісінен ажыратылғандығына көз жеткізіп алыңыз.

8.2 Бойлерден су қалдықтарын әрдайым ағызып отырыңыз. Ол үшін қақпақты бұрап босату және құралды шұңғылшаның үстінде еңкейту қажет.

8.3 Құралды тазалау үшін бедерін және электр құралының корпусын бүлдіре алатын қажағышты тазалау құралдарын және басқа да химиялық заттарды қолданбаңыз.

8.4 Электр құралын қақтардан тазалау

Құралды қаққа қарсы оның қызметтік мерзімін ұзарту үшін тұрақты тазалып отырыңыз.

8.4.1 Суды лимон қышқылымен 10:1 үйлесімінде араластыру.

8.4.2 Алынған ерітіндіні бойлердегі құю.

8.4.3 Құралды электр желісіне қосыңыз және ажыратқышқа басыңыз. Тазалауды жүргізбеңіз беттерді .

8.4.4 Құралды электр желісінен ажырату және суыту.

8.4.5 Бойлердегі суды төгу. Ол үшін қақпақты бұрап босату және құралды шұңғылшаның үстінде еңкейту қажет.

9 САҚТАУ ЕРЕЖЕСІ

Бұйымды 0°C-тан +40°C-қа дейінгі қоршаған ортаның температурасы кезінде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Бүлінудерді болдырмау үшін бұйымды тек зауыттық қаптамада ғана тасымалдаңыз. Тасымалдаудан немесе төмендетілген температурада сақтаудан кейін бұйымды оны бөлме температурасында кем дегенде екі сағаттай ұстау керек. Бұйымды тиеу, түсіру және сақтау кезінде пайдалану жөніндегі нұсқаулықта мазмұндалғандардан басқа келесі талаптарды басшылыққа алу керек:

- бұйымның бүлінуіне және/немесе оның қаптамасының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін елеулі механикалық жүктемелерге бұйымды ұшыратуға тыйым салынады;

- бұйымның қаптамасына судың және басқа да сұйықтықтардың тиіп кетулерін болдырмау қажет. Пайдалануда болған бұйымды теріс температурада тасымалдаудың немесе сақтауға берудің алдында бұйымда

судың жоқтығына көз жеткізу қажет. Бұйымның барлық беттері құрғақ болулары керек. Бұйымды температураның елеулі айырмаларынан және тікелей күн сәулелерінен қорғаңыз.

9.1 Кәдеге жарату



Бұйымды қате кәдеге жарату қоршаған ортаға орны толғысыз зиян келтіреді. Ақаулы бұйымды сонымен бірге пайдаланылған қуат беру элементтерін тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз.

Осы мақсаттар үшін мамандандырылған кәдеге жарату орталығына жүгініңіз. Сіз тұрмыстық бұйымдарды, жабдықтарды және пайдаланылған қуат беру элементтерін қайта өңдеуге қабылдаушы бекеттердің мекен-жайларын Сіздегі елді мекендегі муниципалдық қызметтен ала аласыз.

10 ҚЫЗМЕТТІК МЕРЗІМІ

Аталған бұйым осы нұсқаулықта көрсетілген барлық талаптарды сақтау кезінде кем дегенде 3 жыл жұмыс істеуі керек. Дайындаушы сатып алушылардың назарын бұйымды жеке мақсаттар аясында пайдалану кезінде және осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерінің сақталуы бұйымның осы нұсқаулықта аталған қызметтік мерзімін айтарлықтай ұзартуы мүмкін екендігіне аудартады. Дайындаушы өзіне құрылымына және жиынтықтылауға бұйымның пайдаланушылық қасиетін нашарлатпайтын өзгерістерді енгізу құқығын қалдырады.

Құралдың қызметтік мерзімі 3 жылды құрайды.

11 БИҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖООУ ӘДІСТЕРІ

Егер электр құралы істен шықса, оны өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз. Міндетті түрде авторландырылған сервистік орталыққа баруды ұсынамыз.

4 Кесте

| Ықтимал мәселе | Себебі | Жою тәсілі |
|--|--|---|
| Бу бүріккіштен шықпайды | Желіде кернеу жоқ | Розеткінің жарамды екеніне және құралдың электр желісіне қосылғандығына көз жеткізіңіз |
| | Бойлерде су бітті | Бойлерді сумен толтырыңыз |
| | Буды беру іске қосылмады | Будың берілуін реттеуішті қажетті күйге орнатыңыз |
| Бүріккіштен будың жеткіліксіз мөлшері шығуда | Будың берілуін реттеуіш минималды күйге орнатылған | Будың берілуін реттеуішті максималды күйге орнатыңыз |
| | Қақ пайда болды | Бүріккішті қақтан тазалаңыз |
| | Бойлерде су бітіп қалды | Бойлерді сумен толтырыңыз |
| Бүріккіштен су шығуда | Бойлер тым толып кетті | Құралды электр желісінен ажыратыңыз және артық суды ағызыңыз. Бойлерді 700 мл артық көлемде сумен толтырмаңыз |
| | Құрал қате орналастырылған немесе еңкейтілген | Құралды тек орнықты бетке орнатыңыз |
| Құрал тым ұзақ қызуда | Желідегі кернеу тұрақсыз немесе тым төмен | Розеткінің жарамды екеніне және құралдың электр желісіне қосылғандығына көз жеткізіңіз |

12 ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДЕМЕСІ

Сіздің назарыңызды кепілдік мерзімнің ішінде келісідей шарттардың сақталуы кезінде электр құралының тегін сервистік қызмет көрсетуге немесе жөндеуге қабылданатындығына аударамыз:

Кепілдікті міндеттеме онда сатылған күні, сериялық нөмірі, сатушы ұйымның мөрі (мөртабаны), сатушының қолы көрсетілген дұрыс толтырылған кепілдік талоны болған кезде жүзеге асырылады. Сізге дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған кезде біз Сіздің аталған бұйымның сапасы бойынша наразылықтарыңыздан бас тартуға мәжбүр боламыз. Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін Сізден бұйыммен жұмысты бастауды алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен танысып шығуды өтінеміз.

Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуына аударамыз. Кепілдік шарттары иегердің үйінде мезгілдік техникалық қызмет көрсетуді қарастырмайды.

Осы кепілдікті шарттардың құқықтық негізі қолданыстағы Ресей Федерациясының заңнамасы, атап айтқанда, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Федералдық Заңның соңғы редакциясы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі болып табылады.

Бұйымның пайдаланудың кепілдікті мерзімі 24 айды құрайды. Бұл мерзім бөлшек сауда желісі арқылы сатып алынған күннен бастап есептеледі. Біздің кепілдікті міндеттемелер тек кепілдікті мерзімнің ішінде анықталған және өндірістік технологиялық және конструктивтік ақаулармен шарттас, яғни компания-дайындаушы арқылы жол берілген ақауларға ғана таралады.

12.1 Кепілдікті міндеттемелер келесілерге таралады:

12.1.1 Келесінің нәтижесінде орын алған ақаулықтар:

- қолданушының пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ұйғарымдарын сақтамауы;
- сыртқы немесе кез келген басқа әсерлерден шақырылған механикалық бүлінулер;

- бұйымды тағайындалуы бойынша қолданбау;

- бұйымға жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, қуат беруші электр желісі параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкессіздігі секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлер;

- аталған үлгінің технологиялық конструкциялары арқылы қарастырылмаған, өндіруші арқылы ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтарды, шығын материалдарын және косалқы бөлшектерді қолдану.

12.1.2 Ашуға, жөндеуге немесе түрлендіруге оларға уәкілетті емес тұлғалар арқылы ұшыраған бұйымдар.

12.1.3 Бұйымды лайықсыз сақтаудың немесе қараудың салдарында пайда болған ақаулықтар:

- бұйымның металл элементтерінде тоттардың болуы;

- қуат беру баусымының үзілулері мен кесіктері;

- сызаттар, жарықшақтар, корпустың, бұйымның пластик бөліктерінің күшті

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

үйкелістері және т.б.

12.1.4 Бұйымның асқын жүктелуінің нәтижесінде пайда болған, құралдың істен шығуына әкеліп соқтырған ақаулықтар.

12.1.5 Сериялық нөмірі оқылмайтын бұйым.

12.1.6 Мезгілдік ауыстыруға жататын шығын материалдары, алынбалы бөлшектер, тораптар, сонымен бірге электр құралымен жиынтықта жеткізілетін керек-жарақтар және толымдаушылар (саптама, шүберек, құйғыш, ұзартқыш түтік).

12.1.7 Асқын жүктелулердің мінсіз белгілеріне жататындар:

- бұйымның бөлшектері мен тораптарының деформациялануы немесе балқуы;

- сымдардағы оқшаулағыштардың қараюы немесе бұрышталуы.

Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа және одан жеткізудің соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығына аудартамыз.

Құралға кепілдік жағдайды орнату бойынша техникалық куәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта ғана жүргізіледі. Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе **www.galaxy-tecs.ru** сайтынан білуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы мен дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонның дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

13 ӨЗГЕ АҚПАРАТ

Импорттаушы: «МЕГАПОЛИС» ЖШҚ

Мекен-жай: 432048, Ресей Федерациясы, Ульяновск облысы, қ.о. Ульяновск қаласы, Ульяновск қ., Локомотивная көш., ғим.14А.

Телефон: +78422324242

Электрондық поштаның мекенжайы: mail@simbirsk-crown.ru.

Дайындаушы: Чжэцзян Хуагуан Илектрик Аплайанс Груп Ко., ЛТД.

Мекен-жай: Чжоусян Индастриэл Дивэллопмент Зоун, Цыси Сити , Чжэцзян Про., Қытай
ҚХР жасалған

Дайындалған күні бұйымның өзінде орналасқан лейблдың (ақпараттық тақтайша) сериялық нөмірінде орналасқан. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір - импорттаушыдан және тапсырыс нөмірінен / дайындалған жылы мен айынан / бұйымның реттік нөмірінен тұрады.

ДЛЯ ЗАМЕТОК